

**WELCOME!**

**ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ  
ҚАЗАҚСТАНДА:  
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ  
МЕН БОЛАШАҒЫ**


Қазақстанда таяудағы жылдары демографиялық үрдістер ішінде ең қарқынды дамитыны еңбек миграциясы екендігі қазірдің өзінде белгілі бола бастады. Жыл сайын елімізге жұмыс іздеп қанша адам келіп кетеді? Мұны ешкім тап басып нақты айта алмайды. Еңбек миграцияның бұл түрінің көбінесе жасырын сипаты басым болып келетіндігіне байланысты. Себебі жұмыс беруші кәсіпкерлер салық түрлері мен заңдылықтарға байланысты туындайтын қосымша шығындардан қашып, өзінің шетелден қанша адамды жұмысқа тартып отырғандығын жариялағысы келмейді. Міне, осындай себептерге, яғни бизнес жүргізу үшін пайдалылығына байланысты еңбек миграциясы бүкіл әлем бойынша кеңінен өріс алып отыр.

Егер жалпылай айтатын болсақ, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап бүкіл әлемнің өзгеріске түсуіне, өңірлердің жедел дамуына, жер бетінің халқының сапырылысып кетуіне әсер етіп отырған екі-үш құбылыс болса, соның ең бастылары – басы артық қаржы капиталы мен еңбек күштерінің (яғни еңбек миграциясының) еркін қозғалысқа еніп, бүкіл әлемді шарлай бастауы дер едік. Ал енді мұндай құбылыстың өркен жаюына бірінші кезекте ғылыми-техникалық прогрестің шапшаң дамуы мен технологиялардың жетілуі, бизнеске беріліп отырған еркіндік пен қоғамның ақпараттандырылу жағдайының күшеюі секілді факторлардың үлкен әсер еткені анық.

- Үкіметтің арнайы ресми статистикасы болмағандықтан Халықаралық көші-қон ұйымының 2010 жылғы санағы бойынша Қазақстанда жарты миллионнан бір миллионға дейін мигрант жұмысшы жан бағып жүр. Олардың үштен екісі Өзбекстаннан, 25 пайызы Қырғызстаннан, қалғандары Тәжікстан және Тәуелсіз Мемлкеттер Достастығы тағы басқа елдерінен келген. Кейбір мекемелер алдағы жылдары мигранттар саны 3 миллионға дейін жетеді және олардың 200-300 мыңдайы ғана заңды түрде тіркеліп жұмыс жасайды деп болжайды. Мигранттардың жартысына жуығы құрылыс саласындағы жергілікті халық істегісі келмейтін кілең кір, лас, қауіпті жұмыстарды жасайды. Қалғандары қызмет көрсету саласы мен ауыл шаруашылық саласының барлық тармағында күн көріп жүр.

Экономика және бюджеттік құжаттың басты мақсаты еліміздегі заңсыз еңбекті жүзеге асыратын шетелдіктердің қызметін заңдастыру болып табылады.

**2016 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы иммигранттардың жасайтын жұмыс типі бойынша үлес салмағы**



- Жеке тұлғаларда еңбек ету үшін шетелдік мигранттарға арнайы рұқсат беру қарастырылады. Ол елімізге үш айға дейін визасыз келе алатын шет ел азаматтарына беріледі. Рұқсат бір айдан үш айға дейін, кейін ұзартылуға жатады. Ең ұзақ мерзім бір жылға жарайды», – дейді Ерболат Досаев. Дегенмен шетелдік еңбек мигранттары Қазақстандағы жеке тұлғалардың қол астында тек еңбектің екі түрімен ғана айналыса алады:

**біріншісі**– үй шаруашылығындағы жұмыстар


**екіншісі** – жылжымайтын мүлікті жөндеу, оны салу бойынша қызметтер көрсету.

- Бір сөзбен айтқанда, үй салып, қора-қопсыны жөнге келтіргіңіз келсе, бау-бақшаға еңбек қолы жетіспесе, онда салығын төлейсіз де, шетелдік еңбекші-мигрантты заңды түрде жұмысқа қабылдаған болып аласыз. Сонымен қатар, бір жеке тұлғаның қарамағында бір мезгілде еңбек ететін шетелдік мигранттың саны бесеуден аспауы тиіс. Әрине, шетелдікпен еңбек келісімшарты өз алдына жасалады. Түйіндей айтсақ, жаңа заң жобасына сәйкес, еліміздің кез келген азаматы ешқандай да заңды бұзбастан шетелдік еңбек мигранттарын үйінің жеке шаруасын істетуге тартып, заңды түрде жұмысқа жалдай алады.



- оқтала кететін жайт, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі заңсыз миграциямен күресті ескеріп һәм шетелден жұмыс күшін тарту бойынша әлемдік тәжірибені де саралай келе, Қазақстанға тиімдісі Ресейде қолданылатын еңбек мигранттарының патенттерін беру жүйесі екеніне тоқталыпты. Ресейдегі тәжірибеге келсек, онда жеке тұлғалар қолында жалданатын шетелдік жұмыс күшіне еңбек патенттері беріледі. Патент алу үшін шетелдік мигрант-жұмысшы 1000 рубль төленгені туралы түбіртек көрсетеді. Сосын сол түбіртекті әр үш ай сайын, түптеп келгенде бір жылға дейін ұзартуға құқы болады. Сөйтіп, еңбек патенті миграциялық бақылаудың тиімділігін арттырып қана қоймай, бюджеттің бүйірін де томпайтқан. Мәселен, соңғы екі жылда Ресейде 1 млн. 250 мыңға тарта шетелдік еңбекші мигранттар заңдастырылған. Яғни бюджетке түсетін түсімдер ауқымы да еселенгенін осыдан-ақ аңғаруға болады. [4]

- «Шетелдік еңбекші мигрантқа рұқсат беру үшін жеке тұлға әр айға олардың жеке табыс салығы бойынша екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алдын ала төлем жасайды. Ал олардың табысы 50 мың теңгеден артып кетсе, шетелдік қызметкер Қазақстаннан шыққанға дейінгі айырмашылықты өздері төлейтін болады», – дейді министр Ерболат Досаев. Тоқтала кететін жайт, жыл сайын елімізде 100-300 мыңға дейін шетелдіктер заңсыз жұмыс жасайтын көрінеді. Ендеше, бюджетті жоспарлайтын министр әлгіндей еңбек мигранттарынан түсетін түсімді 6-10 млрд теңгенің аралығында болжап отыр.



*2016 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасындағы иммигранттардың рұқсат алу мерзімінің пайызыдық көрсеткіші*

*Назарларыңызға  
рақмет!*

